

"Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 121 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қарашадағы № 1326 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 213 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.04.2019 № 213 (11.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 121 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 7, 69-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру ережесінде:

2-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жергілікті атқарушы орган - республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары;"

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) маңдайша - сауда (жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету) субъектісінің эмблемасын, тауарлық белгілерін, брендтерін қоса алғанда, осындай субъекті тауарларды сататын, қызметтер көрсететін және жұмыстар орындайтын жерлердегі жылжымайтын объектілерде орналастырылатын оның атауы мен қызмет түрі туралы ақпарат.";

4 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызметтер көрсету саласының кәсіпорындары орналастыратын мынадай жарнама объектілері:

1) маңдайша;

2) жайма сөрелер мен терезелерді безендіру;

3) жұмыс режимі туралы ақпарат;

4) үй-жайлардың ішкі безендірілуі сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріне жатпайды.";

"16. Жергілікті атқарушы орган өтінішті алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат береді не негізді түрде бас тарта отырып, жазбаша жауап қайтарады."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК